


796 (584.6)
С 74
2



СПОРТ
ЖҰЛДЫЗДАРЫ



СПОРТ ЖҰЛДЫЗДАРЫ



«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
Алматы — 1973

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӘДЕБИЕТ
БАС РЕДАКЦИЯСЫ

7 А
С 74

Спорт жұлдыздары. Алматы, «Қазақстан», 1973.
104 бет.

Бұл кітапта Қазақстанның әйгілі спортшыларының жеңістері, күнделікті өмірі, мінез-құлықтарының қалыптасуы көркем тілмен баяндалған. Жастар осы очерктерден еңбекқорлықтың, батыллықтың асыл қасиетімен танысады.

«Спорт жұлдыздары» спорт жанкүйерлеріне арналған.

3 $\frac{0692-193}{M 401(07)-73}$ 174-73

© «Қазақстан» баспасы, 1973.

С И Б Л И О Г Е
С. ПУШК
29071

Ұлы қамқорлықтың аясында

Дүниедегі бірінші социалистік мемлекеттің негізін қалаушы Владимир Ильич Ленин жұмысшылар мен шаруалардың денсаулығы туралы ойлап, олардың арасынан мәдениет пен өнердің қай саласынан болмасын дарындарының шарықтап шығуына қамқорлық жасап отырды.

1918-ші жылы апрель айында жалпыға бірдей оқу туралы Лениндік Декрет жарияланды. Оның программасына гимнастика, сондай-ақ жас Совет мемлекетінің азаматтарын күшті, төзімді, ер жүрек етіп тәрбиелейтін көптеген спорт ойындарының түрлері енген еді. Жалпыға бірдей оқу арқылы елімізде физкультура мен спорт кеңінен қанат жая бастады. Еңбек тәрбиесі мен дене тәрбиесі тұңғыш рет қалыптасып, қатарласа жүрді. «Жастарға шаттық пен жадыраулық өте-мөте керек-ақ, сауықтырғыш спорт (гимнастика, жүзу, экскурсия, әр қилы дене шынықтырулар) рухани мүдделердің алуан жағы, оқу, талдау, зерттеу — осының бәрі мүмкіншілігінше бірге бола алады»¹, деді В. И. Ленин Қлара Цеткинмен әңгімесінде.

Ұлы көсемнің өситтеріне сай Коммунистік партия мен үкіметіміз совет адамдарының денсаулығы мен бақыты

¹ К. Цеткин. Жазба дәптерден Алматы, 1959.

үшін шексіз қамқорлық жасап келеді. Күш пен сергектіктің, ұзақ өмірдің қайнар көзі физкультура мен спорт деп танып оны коммунизм құрылысшыларын тәрбиелейтін басты құралдардың бірі етіп отыр. Мұны біз көптеген тарихи документтерден де анық көріп жүрміз. 1966 жылы август айында шыққан КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Дене шынықтыру мен спортты одан әрі дамыту жөніндегі шаралары туралы»¹ қаулысын іс жүзіне асыру спорттың бұқаралығын арттыруда, республика құрама командалары мүшелерінің шеберліктерінің шыңдалуына игі әсерін тигізді.

Соңғы жылдары Қазақстан спортшыларының шеберлігі онан әрі жетілді. Бұл орайда қомақты табыстарымызбен мақтануға болады. Қазақстанда олимпиалық ойындардың дүние жүзі, Европа біріншіліктері жеңімпаздарының саны көбейе түсуде. Волейболшы жігіттеріміз екі жыл қатарынан Европа чемпиондарының кубогін жеңіп алды. Классикалық күрестен Владимир Бакулин әлем чемпионы атанса, оның командалас серіктері Валерий Рязанцев пен Анатолий Назаренко Мюнхенде өткен XX олимпиалық ойындардың чемпионы және күміс жүлдегері атанды. Жұмыр жердің саңлақ спортшылары бейбіт бәсекеге жиналған осы үлкен форумда тағы үш жерлесіміз Вениамин Солдатенко күміс, сайысшы Игорь Валетов қола медальға ие болды. Жастар арасында әлем чемпионы атанған бессайысшылар Виктор Монохов пен Юрий Тогобецкийлер, балуандар Князь Ахметов пен Анатолий Быковтар республика жаттықтырушыларының үлкен спорттың резервіне әрқашан көңіл бөліп отырғанын көрсетеді.

Қазір республикада 2 миллионнан астам физкультурашыны біріктіретін 10366 физкультура коллективі бар. Бұл республиканың әрбір алтыншы тұрғыны спорт секция-

¹ «Социалистік Қазақстан». 26 август, 1966, № 196..

ларына мүше деген сөз. Қазақстанда 1972 жылдың өзінде 700 мыңнан астам разрядты спортшылар дайындалып, миллионға жуық адам жаңа ГТО комплексі бойынша норма тапсыруға кірісіп кетті.

КПСС XXIV съезінің СССР халық шаруашылығын өркендетудің 1971—1975 жылдарға арналған бесжылдық жоспар жөніндегі Директиваларында: «Еңбекшілердің қалың бұқарасының физкультурамен және спортпен шұғылдануы үшін жағдай жақсартылсын, бұл үшін жаңадан спорт құрылыстарын салу және жұмыс істеп тұрған спорт құрылыстарын пайдалануды күшейту кеңінен өрістетілсін»¹,— делінген. Партияның бұл нұсқауы қазір жер-жерде ойдағыдай орындалуда. 1972 жылдың аяғында әлемдегі ең үлкен әрі қазіргі техникаға сай салынған Медеу жасанды мұз айдынының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. 1966 жылы республикада үлкенді-кішілі 40-қа жуық стадион болса, қазір бұлардың саны 116-ға жетіп отыр. Сол жылы 1592 спорт залы болса, қазір 2947 спорт залы, 56 жүзу бассейні, 26 мың спорт алаңы республика спортшыларына қызмет етеді. Соңғы жылдары ғана 50 метрлік бірнеше су бассейні салынды. Ал оған қоса 6-ға дейін жүзу жолы бар оннан астам бассейндердің шаңырақ көтергенін айтсақ қыруар жұмыстың тындырылғандығына көзіміз жетеді. Кейінгі кезде Алматы мен Қарағандыда және Өскеменде спорт сарайлары салынып, іске қосылды. Бұған қоса Семей мен Павлодарда, Целиноград пен Жезқазғанда, Ақтөбе мен Қызылордада, Шымкент пен Жамбылда қосымша комплекстері бар жаңа жобамен салынған стадиондар ірге көтерді.

Ауылдар мен селоларда да спорт құрылыстары көптеп салына бастады. Мұның қозғаушы күштері комсомолец-

¹ КПСС XXIV съезінің материалдары. «Қазақстан» баспасы, Алматы, 1971 341-бет.

тер мен жастар болып отыр. Соңғы жылдары ауылдық жерлердегі спорт құрылыстарын көптеп салу жұмысын студенттік құрылыс отрядтары қамқорлыққа алды. 1966 жылы август айында ҚПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Дене шынықтыру мен спортты одан әрі дамыту жөніндегі шаралары туралы» қаулысында: «Жергілікті органдар кәсіподақтардың, атқару комитеттерінің, совхоздар мен тұтынушылар кооперациялары ұйымдарының бөлген қаржысын ескере отырып, колхоздарда, совхоздарда, аудан орталықтарында, спорт алаңдарының, стадиондардың және басқа да спорттық құрылыстардың комплекстерін салуды ұлғайтуға міндетті. Селолық клубтарды салғанда әдетте спорт залдары мен алаңдарын да қоса салу қажет»¹. Міне мұның өзі республиканың көптеген колхоз-совхоздарында спорт залының салына бастауына жағдай жасады.

Мысалы, Қостанай облысындағы «Майкөл» совхозы ірі шаруашылықтардың бірі. Оның төрт бөлімшесінде еңбек ететін жұмысшылардың саны төрт мыңнан асады. Бұл шаруашылықта физкультура мен спорт жұмыстары жақсы жолға қойылған. Осы совхоздағы әрбір екінші жұмысшы физкультурашы, сонымен қатар олардың еңбек өнімділігі де жоғары, сондықтан шаруашылық жыл сайын төрт миллион сомға жуық пайда табады. Себебі мұнда еңбек пен спорт егіз. Спорт өркендеген жерде еңбек өнімділігінің де төмен болуы мүмкін емес. Бұл сияқты шаруашылықтар республикамызда көптеп саналады. Мысалға Семей облысындағы Скотовод, Ақтөбе облысындағы «Жайсаң», Жамбыл облысындағы «Дала қайнар» совхоздарының бастауыш физкультура коллективтерін атап айтуға болады. Бұл шаруашылықтарда ауыл жастарының күшімен комсомолдық сенбіліктер ұйымдастырылып стадиондар, спорт залдары салынған. Сонымен

¹ «Социалистік Қазақстан». 26 август, 1966, № 196.

қатар бірқатар кәсіпорындарында да физкультура мен спорт жұмысы жақсы өркендеуде. Солардың бірі — Жамбыл облысындағы «Фосфорит» спорт клубы 12 физкультура коллективін біріктіреді. Олар жыл сайын разрядты жүздеген спортшыларды даярлайды. Мұнда 15 спорт секциясы үздіксіз жұмыс істейді. Алайда мұндай табысқа тек қана штаттағы азғана жаттықтырушылар қауымының күшімен жету мүмкін емес. Жаттығу жұмысына инженерлер, жұмысшылар көптеп қатынасады. Бұлардың табыстарының сыры міне осында.

Балқаш кен металлургия комбинатының, Ақтөбе хром қосындылары зауытының, Өскемен қорғасын-мырыш және Лениногор полиметалл, Алматы үй құрылысы комбинаттарының, Шымкент «Восход» тігін бірлестігінің және басқа кәсіпорындардың физкультура коллективтері мен спорт клубтары көптеген жақсы тәжірибе жинақтады.

Қарағандының синтетикалық каучук зауытында денсаулық цехы құрылған. Зауытта жоспардан тыс алынған үнем есебінен спорт комплексі салынып, спорттың 22 түрі бойынша әр алуан секция, жасөспірімдер спорт мектебі жұмыс істейді, 20 спорт шебері мен шеберлікке кандидаттар тәрбиеленеді. Мұнда жүргізілген зерттеулер спортпен шұғылданған жұмысшылардың еңбек өнімділігі жоғары екендігін, олардың брақты аз жіберетіндігін, неғұрлым тәртіпті, іске саналылықпен қарайтындығын көрсетті.

Соңғы жылдары Отанымыздың тәуелсіздігі мен бостандығы жолындағы күресте жандарып пидә еткен ардагер азаматтарды еске түсіруге арналған спорттық жарыстар өткізу жақсы дәстүрге айналып келеді. Азамат соғысының батыры, қазақ халқының ардагер ұлы Аманкелді Имановтың есімі жұртшылыққа жақсы табыс. Бірнеше жылдан бері Аманкелді атындағы жүлде үшін бессайысшылардың халықаралық жарысы Алматыда өткізіліп жүр. Бұған еліміздің құрама командаларымен қоса

Англияның, Италияның, Венгрияның, Чехословакияның, Болгарияның, Польшаның тағы да басқа көптеген мемлекеттердің таңдаулы спортшылары қатынасты. Жамбыл облысында жыл сайын Совет Одағының Батыры Ақәділ Суханбаев атындағы жүлдені жеңіп алу үшін жарыс өткізіледі. 1944 жылы Белоруссияның Гродно қаласында комсомолец Ақәділ Суханбаев Александр Матросовтың қаһармандығын қайталап, ерлікпен қаза тапты. Ол еңбек еткен Свердлов ауданындағы бұрынғы «Қарасу» колхозы қазір батырдың есімімен аталады. Батыр атындағы боксшылардың бәсекесі тек қапа республикамыздың таңдаулы былғары қолғап шеберлерін жинап қойған жоқ, сонымен қатар рингте туысқан Қырғызстанның, Қарақалпақ АССР-інің, Ташкент және Душанбе қалаларының спортшылары да күш сынасты. Мұндай жарыстар өте көп. Мысалға Қарағандыда жыл сайын Нұркен Әбдіров, Өскеменде Төлеген Тоқтаров жүлделері үшін жарыстар өткізіліп тұрады. Атақты балуан Қажымұханның көп жылдар тұрған жері Шымкент облысының Бөген селосында қазақша күрестің шеберлері күш сынасады. Ал Қызылорда облысының Шиелі ауданында Социалистік Еңбек Ері атағын екі рет алған атақты диқан Ыбырай Жақаевтың жүлдесі үшін жылда күзде балуандар жиналады. Міне, мұның өзі спорт қарыстарының үлкен тәрбиелік мәні бар екендігін айқындады. Қазақстан спортшылары Одақтық жарыстарда көзге түсумен қатар көптеген шет мемлекеттерде өнер көрсетіп жүр. Қазір біздің саңлақ спортшыларымыз бармаған жер шарында бірдебір құрылық жоқ шығар. Теннисшілеріміз Австралияда, боксшыларымыз Африкада, балуандарымыз Америкада, көптеген спорт түрлерінен құрама командаларымыз Европа мен Азияның ондаған мемлекеттерінде болып өнер көрсетті. Сонымен қатар республиканың құрама командалары да еліміздегі ең күштілердің қатарында саналады. Мысалы, СССР халықтарының V спартакиада-

сына қатысушылар мен қазақстандық барлық спортшыларына Қазақстанның саңлақ спортшыларының жолдаған ашық хатында былай делінген: «Біз бүкілқазақстандық спартакиаданың финалдық жарыстарына қатысушылардың спорттық шеберліктерін арттыра түсуде және жаңа рекордтар мен жетістіктерге жетуде нық қадам жасайтынына сенеміз. Осы спорттық үлкен сын СССР халықтары спартакиадасының шешуші бәсекесінде Қазақстан намысын қорғау үлесінің кімдерге тиетінін толық анықтайды. Москвада қос орденді Қазақстан туын абыроймен алып жүру үшін күресу кімнің де болса құрметті және бірінші міндеті»¹.

Міне осы үндеуге республика спортшылары лайықты жауап берді. Спартакиада қорытындысында қазақстандықтар командалық жетінші орынға ие болып, 64 спортшымыз жүлдегер атанды. Оның 9-ы алтын, 16-сы күміс, 39-ы қола медальға ие болды. Қазіргі бессайыстан, су добышан, волейболдан, классикалық күрестен, бокстан, жүзуден, нысана көздеуден, гимнастикадан құрама командаларымыз тамаша табысқа жетті. Қазір республикамызда спорттың 52 түрі, оның ішінде 16 ұлттық спорт түрі өріс алып, өркен жайып отыр. Солар бойынша соңғы жылдары 58 халықаралық класты спорт шебері, 1524 спорт шебері, төрт жарым мыңнан астам спорт шеберлігіне кандидаттар мен бірінші разрядты спортшылар даярланды. Бұл үлкен жетістікке ұстаздар қауымының да қомақты үлес қосқаны сөзсіз. Олардың қатарында өз істерін тамаша білетін: В. Псарев, Ә. Нұрмаханов, П. Матушак, З. Жәркешев, С. Сатыбалдиев, В. Қаруина, Б. Сариев, Е. Хасанов, Қ. Байдосов, Қ. Шенгелея, Қ. Ашляев, Ф. Премельский, Е. Қадайкин, Б. Елгондиев сияқты тағы да басқа жаттықтырушылар бар.

Бүкіл еліміз тоғызыншы бесжылдықтың міндеттерін

¹ «Спорт». 3 июль, 1971, № 27.

абыроймен орындау үстінде. Бұған республикамыздың физкультурашылары да қомақты үлес қосуда. Осы бесжылдық ішінде олардың саны 3 миллионға жетуге тиіс. Жыл сайын 500 мыңнан астам адам разряд алады. Тек өткен екі жылда ғана олардың саны 1 миллион 200 мыңнан асып кетті. Мұның өзі республикамыздың спорт ұйымдары мен физкультура коллективтері ардақты міндеттерін абыроймен орындап жүргендігін көрсетеді.

Е. Исмайлов,
профессор

Балуан Шолақ

Қазақтың көркемөнері спортының тарихында айрықша орын алатын өнерпаз адамның бірі — атақты балуан, әнші-ақын, сері Балуан Шолақ. Шолақтың шын аты Нұрмағамбет. 1864 жылы туып, 1919 жылы қайтыс болған Шолақтың өмірі мен өнері халық аузында ең тәтті аңыз-жырға бөленген.

Мен өзім Шолақты көргенім жоқ, бірақ жерлес болғандығымнан бала жасымнан Шолақ жайында ғажап аңыз-ертегіні, әңгімені көп естідім. Оның балаларын, замандастарын, жақын дос, ағайын-туыстарын талай рет кездестіріп, олардың естелік сөздерін де тыңдадым. Барлығы да Шолақтың ерекше алып күш иесі, ешкімнен жыгылмаған атақты балуан және ат үстінде алуан түрлі ойын көрсететін өнерпаз, дарқан ақын, әнші, сауықшы, сері екендігін айтады.

Шолақтың өзін көріп өнеріне қанық болған атақты ақын Сәкен Сейфуллин балуанның сыртқы кескін-келбетін былай суреттейді:

Кеспелтек, алшаң төстек,— емес иір,
Денесі болат — құрыш, жігер шиыр.
Жалаңаш денесіне тіс батпайды,
Көк темір — бұлшық еті түйір-түйір.

Жайдары жарқылдаған әр көңілді,
Ел кезіп ән сап жұртпен болған үйір,
Қап-қара күшті дене — құйған шойын
Топшылы тау бүркіттей бұғы мойын.

Қайраты күшіменеп таңқаларлық,—
Цирктің жыққан бүктеп талай дәйіп.
Көрсеткен елікгіріп бозбалаға
Құйғылған ат үстінде сан түрлі ойын.

Міне осы бір шағын өленде Шолақтың асқан күшті балуандық, серілік өмірінің айқын бейнесі елестейді.

Шолақтың туып-өскен жері — сұлу Көкшетау. Ол өз заманындағы Біржан-сал, Ақан-сері, Ыбырайлардың ақын-әншілік өнерлерін өзінің балуандық спорт өнерімен ұштастыра білген. Қазақ даласында өтіп жатқан үлкен-кішілі жиын-тойлардағы күресіне Шолақтың қатыспағаны жоқ. Өмірі жүген-құрық тимеген бесті асауларды Шолақ жүгенсіз ұстап мініп, оп-оңай үйретіп отырған.

Шолақ жастайынан қайратты, өнерге бейім болып өседі.

Ән салып жастан сайрап жүрмін,
Талай-талай балуанды байлап жүрмін

деген өленді өз өмірінің шындығынан алып айтқан.

Бала кезінде Шолақ өзі құрбылас жастардың барлығын да қирата жығып, ерегісіп төбелесе кетсе, соққыға ұшыратып жүрген. Қолы қысқа темірдей, ұстаған жерде-ақ көбі алысуға жарамай қалады екен. Нұрмағамбеттің

Шолақ атаулы жөнінде де әр түрлі әңгімелер бар. Бірақ ақын «мен өзім он жасымнан зор-ақ едім. Оң қолым отқа күйген Шолақ едім» дейді өзі туралы өлеңінде. Міне, осыдан былай қарай ол Шолақ аталып кеткен. Шолақ жалғыз бармағымен-ақ талай шаршы топқа түсіп, қазақ даласындағы атақты балуандардың барлығын да жыққан.

Қазақша күрес әрқашан да белбеуден ұстап алысумен өтеді. Төрт саусағы жоқ мұқыл және сыңар қолмен ұстаып күресу Шолаққа оңай болмайды. Бірақ бойына біткен табиғаттың мол сыйлығы (ересен күштілігі, жүректілігі) оның балуандық өнерін әлсіретпейді. Шолақтың жалғыз бармағы белбеуге ілінсе-ақ атан түйедей алыптың қандайын болсын көтеріп әкетіп төбесінен айналдырып жерге тік еткізеді екен. Шолақтың осы сырын білген оған қарсы күресуші балалардың көпшілігі айла-тәсіл жасап белбеуден мықтап ұстатпауға тырысқан.

1941 жылы және 1945 жылы Қажымұқанмен бірнеше күн бірге болып әңгімелесіп, Шолақпен екеуінің қарым-қатынасын сұрағанда ол мынаны айтты:

— Шолақпен талай кездестім, ол менен күшті еді. Ақмола мен Көкшетаудың жәрменкелерінде екі ауылдың басты адамдары екеуімізді екі жақтан айдап салып, үлкен бәйгі тігіп күрестіркеші болған кезде мен: «Шолақ өзіме жақсы ықыласты батасын берген ұстаз ағам, қол көтермей-ақ бәйгені ағама ұсынғанмын» деп күрестен бас тартқанда, Шолақ құшақтап бетімнен сүйген еді. Одан бұрын Шортанды қаласында оңаша бір үйде күтпеген жерден кездесіп екеуіміз күш сынасқанбыз. Сонда мен оның алып батырлығына қайран қалғанмын. Шолақ белбеусіз, французша жалаңаш күреске жарамайтын. Өйткені жалаңаш денемен алысу үшін он саусақ түгел сау болуы керек қой. Сол себептен де ол ірі қалаларды аралап үлкен цирктерде басқа елдердің балуандарымен күресе алмады. Егер он саусағы бүтін болса Шолақ даң-

қы дүние жүзіне мәлім балуандар қатарына қосылатын еді. Рас, Қөкшетау, Ақмола, Омбы қалаларында, Қоянды жәрмеңкесінде белбеумен күресетін цирктің балуандарымен айқасып жүрді. Онда күрескен балуандардың бірде-біреуін шыдатқан жоқ.

Шолақ балуандық, ақын-әншілік өнерімен жұртқа даңқы жайылған соң қазақ жерін бірталай аралайды. Ол Ақмола, Семей, Торғай, Жетісу, Сырдария аймақтарының ауылдарында болып, соның бәрінде де өнерін жұртқа кеңінен жайып отырады. 1910 жылы Шолақ қасында бір топ өнерпаз жігіттерімен Жетісу еліне келіп, ақындық, ат ойнатқыштық, балуандық өнерімен халықты қайран қалдырады. Сол жолы оның қасына еріп жүрген жас ақын Кенен:

— Шолақтың келуі Жетісу елінің ойын-сауығын, ән-күйлерін мүлде жаңартып, жайнатып жіберді. Өлең, әннің жәрмеңкесі ашылғандай-ақ болды. Шолақ өлеңді жалғыз айтпайды, қосылып салады, мен бұрын білмеген он скі түрлі әнді Балуан Шолақтан естіп үйрендім. Соның ішінде Шолақтың өзі шығарған «Ғалия», «Қырық тоғызда менің жасым», «Сұршақыз», «Тік шырша» сияқты әндері бар. Ал білектей темірлерді жіп сияқты бүктеп жазып немесе үйдей теректі жұлып ұстаған алып күш өнері бәрімізге тап-тамаша көрінуші еді. Шолақ шалқасынан жатып төсінің үстіне күйген кірпіштерді үйіп қойғызып соны жарты пұттық балғамен уатқызатын. Денесі, балтыры, білегі, мойыны шойын темірдей тұп-тұтас еш нәрсе бағпайтын еді...— дейді.

Шолақ өмірінде көп қуғынға ұшырайды. Өзінің ата-мекені — қыстауы орнаған Қайрақтыны отаршыл патша әкімдері тартып алып, оны қонысынан аударады. Намыскер батыр Шолақ патша үкіметінің отарлау және арандату саясатына қарсы шығып, Қайрақтыға жаңа орнаған қазақ-орыс поселкесіне бірнеше рет өрт қойып, малдарын жәрмеңкеге өткізіп жібереді. Жерімді қайтып

алам деген талаптарын болыстық, уездік ұлықтардың бірде-бірі қостамайды, Шолақ олардың бәрімен жанжалдасады. Сол себепті Көкшетаудың уездік ұлықтары мен жергілікті қазақ болыстары Шолақты қуғындап, «бұзақы», «сотқар», «ұры», «заңға қарсы» деп айыптап, бірнеше рет Көкшетау, Ақмола, Атбасар түрмелеріне жабады. Тіпті Жетісуға келгенінде де патша әкімдері соңына түсіп, «қашқын» деп ұстамақ болады. Бірақ алып қара күштің иесі Шолақ түрмелердің бірталайын бұзып, қиратып, қашып кетіп немесе қалың елдің көмегімен пәле-жаладан құтылып отырған. Бұл жөнінде өзі шығарған өлеңде мынадай дегені бар.

Ақылым бір басымда емес арзан,
Тауалым шағылған жоқ бұл қағаздан,
Қағаздың мен түріне қарап тұрсам,
Жеті жыл каторғаға мені жазған...

Бойыма күш біткенге еттім шүкір,
Қажымас абақтыда бетке түкір.
Темірің екі итеріп тартқанымда
Кірпіші жерге түсті күтір-күтір.

Асты ғой бұл арада менің айлам,
Құрғаным бала жастан бәрі сайран.
«Япырмай, бұл негілған зор «дажал» деп,
Сол жерде, орыс, қазақ болды қайран...

Міне, осындай өлеңдерінде атақты сері өзінің басынан кешкен күрес жолын әңгімелейді.

Қуғын-сүргінді көп көрген Шолақ 1916 жылғы халық көтерілісіне тілектес болған. 1917 жылы патша тақтан түскенде қуанышы қойнына симай, Көкшетаудағы үлкен бір жиында сөз сөйлеп, бұрынғы патша әкімдерін аяусыз жазалауды талап еткен. Сол кездегі Көкшетау совдепі басшыларының бірі — революционер, жазушы Сабыр Шарипов:

— Шолақ — нағыз халық өкілі, халық батыры екенін революция кезінде жақсы түсіндік. Қазақ, орыс атаман-

дары мен елдегі шонжарлар Шолақты «бұзақы», «ұры» деген жаламен саясат өміріне жолатқысы келмеді, ал біз, совдепшілер — большевиктер, Шолақты өз жағымызға бейімдеп алдық. Шолақ арқылы қалың көпті өзімізге тартып отырдық. 1918 жылы чехословактардың контрреволюцияшыл әрекеті кезінде Шолақ мені үйіне үш күн жасырып ұстап, астыма ат тауып беріп, Атбасарға қарай жөнелтіп салды... — деп жазған болатын.

Азамат соғысы кезінде Шолақты қалың орман ішінде біреу андып жүріп атқан. Сол жерде жараланған ол оқтың зардабынан айыға алмай (оқ алты ай бойы денесінде жүрген) қайтыс болған. Оны атушы да Шолақтың жеке қасы ғана емес, революция дұшпандары болуы ықтимал. Сабыр Шарипов осылай ойлаған еді.

Балуан Шолақ қазақтың өнер тарихынан айрықша орын алған адам. Ойып-сауыққа, ерлік күреске толы оның тамаша өмірі халықтың қызықты аңыз әңгімесіне айналды. Ал Шолақтың шығармалары мен балуандық өнері ескіреп емес, бүгінде біздің кәдемізге жарап отыр.

А. Хангелдин

Балуандар баһадүрі

Қажымұқан қырық бес жасына дейін қырықтан аса мемлекетті аралап, балуандықтың баһадүрі атанып, даңқы дүние жүзіне тарағанымен асыл арманына Октябрь революциясынан кейін ғана жетті. Ол өмірінің қызықты шағын, бақытты кезеңін Совет үкіметі тұсында өткізді.

Октябрь революциясының, Совет үкіметінің келуін құшақ жая қарсы алған Қажымұқан еркіндікті де, еркелікті де бостандық алған өз халқының ыстық құшағында алғаш рет сезінді.

Қажымұқан Ташкент қаласында болған күрестерден құр қалған жоқ. Жұнырмасыншы жылдарда Ташкент қаласына жиі-жиі келіп жүрді. Келгенде түсетін жері Қазақтың халық ағарту институты болатын. 1924 жылдың күзінде біз оны алғаш рет көрдік.

Бір күні түс ауа, институт алдында фаэтон мінген біреу келіп тоқтады. Фаэтонның рессорын қабыстыра, үйілген обадай болып отырған кісі арбадан түсіп үлгермей-ақ «Қажымұқан» деген сыбыстар естіліп қалды. Дәл осы сапар маған ол Қажымұқан емес, Қарақыпшақ Қобландының өзі келіп қалғандай әсер етті. Өйткені ондай ірі кісі менің ұғымымда ертегілерде ғана болуға тиіс сияқты.

Міне, осыдан бастап біз Қажымұқанмен жақын таныстық. Кейін циркке онымен бірге барып, бірге қайтатын болып алдық. Шынында да, сол жылдары Ташкент циркінің гүлі Қажымұқан болатын. Қажымұқан келіпті десе-ақ болды, қаланың іші былай тұрсын, алыс ауыл, қыстақтардағы жұрттың өзі оның күресін қона жатып көретін. Қажымұқан Ташкент қаласындағы күрестерге 1928 жылға дейін үзбей қатысты. 1928 жылдан кейін қайтып оралмады.

Осы жылдар ішінде ол талай балуандарды жығып жеңіске жетті. Әсіресе есімізде дәл бүгінгідей сақтаулысы, ұмытуға болмайтын ірі күрестері — атақты балуандар — Прохоров пен Бульді жығуы. Прохоровты ол бұрын да жыққан көрінеді. Бірақ бұл жолы көп жыл үзілістен кейінгі кездесуі болғандықтан, одан хауіптенген еді. Өзгеге қарағанда бұлардың күресінің өз ерекшелігі бар. Күрес үстінде-ақ біріне-бірі спорттың салтында жоқ әдіс-

тер қолданып, бірінің-бірі ызасын келтірсе, олары өзге жұртқа күлкі тудырып, көңіл сергітеді.

Әрине, Қажымұқанға қарағанда Прохоров ықшамдау еді. Ол абайсызда қарсыласының қабақтай қарнына жұдырықпен соғып қалып қашқанда, Қажымұқан оны арбандап қуа жөнелетін. Бірақ Прохоров оған жеткізбейді. Бұған ыза болған Қажымұқан оны дене қимылымен мазақ ететін. Олардың осындай бала мінезді, әрекеттеріне жұрт қыран-топан болып күлетін. Осылай уақыт өткізіп күрес таймдары бірнеше күн нәтижесіз аяқталып, жұрттың құмарлығын арттыратын.

Бұл жолғы күрес те Қажымұқанның жеңісімен аяқталды.

Қажымұқан мен Прохоровтың бір күресін біз дәл сол жылы күзде Қызылорда циркінде көрдік. Онда біз қысқы демалысқа барғанбыз. Қазақстанның бес жылдық тойының құрметіне байланысты күрес ұйымдастырып, Қажымұқанның күш өнерін көрсету бенефисі болды. Бірақ оның бұл жолғы күресі Прохоровтың кесірінен сәтсіздікке ұшырады. Прохоров бұрынғысынша Қажымұқанды ызаландырып қаша жөнелді. Қажымұқан оны арбандап ден сала қуып келе жатқанда Прохоров жата қалды да, Қажымұқан денесін игере алмай, сүрініп, омақата құлады. Сол кезде көзіне цирктің еденіне төселген ағаш үгіндісі түсіп, едәуір зақымданса керек, дәрігер оның күресуіне тыйым салды. Бірақ ол Қажымұқанның бенефис көрсетуіне ешқандай нұқсан келтірмеді. Осы жолы Қажымұқанның баласы да бір орыс балуанымен қазақша күреске түсіп, оны жығып кеткені есімізде.

Қажымұқанның ең бір қызық та қиын күресі Климентий Бульмен кездескенде болған еді.

«Тойдың болғанынан боладысы қызық» дегендей, шындығында да, Бульдің келгенінен келедісі қызық болды. Ол келмес бұрын «Правда востока», «Қызыл Өзбекстан» газеттерінің төртінші беттерінен, мемлекеттік цирктің рек-

лама бөліміндегі «Келе жатқан кім?» деп ірі қаріптермен жазылған сөздерді он бес күн бойы үзбестен оқыған жұрт оның кім деген балуан екенін біле алмай сарылды. Цирк дирекциясынан өзгеге ол жұмбақ болды. Бұл оқиға жұрттың күреске деген ынта-жігерін бұрынғыдан бергер арттыра түсті. Сондықтан жұрт жұмбақ балуанның келуін асыға күтіп, оны көргенше көңілдері жай таппады.

Міне, сәтті күн туып балуан да келді. Кім екені де белгілі болды. Климентий Буль. Ендігі жұмбақ: оның күреске қашан шығып, кіммен түсуінде қалды. Әзірше лақабы жер жарып дегендей, оның балуандығы жайлы әр түрлі алып қашты сөздер аңызға айналып жүрді. Аты әлемге әйгілі Поддубныйдан кейінгі орыстың ең күшті балуаны осы Буль болып саналады екен. Буль революция кезінде шет елдерде цирк ұстап тұрып, кейін шаруасы қожырап, жиырмасыншы жылдардың бас кезінде Россияға оралыпты деседі. Қажымұқан Бульді сырттай білгенімен, жүздесіп, не белдесіп көрмепті. Осы бір жасы елуге жақындап қалған, бұлшық еттері қайыңның безіндей беріштелген сұлу денелі, ақсары балуанды қаншама қорашынғанмен Қажскең іштей қобалжыды, өйткені күрес құмарлар Бульдің әдісқойлығын, айлакерлігін, күштілігін мадақтай әңгімеледі.

Ал Қажымұқанда бір-ақ медеу бар. Ол күресу, күш сынасу. «Бәйгені шаппай ала алмайсыңдар» дейді де қояды ішінен. Алайда, Бульді жер-көкке сыйғызбай жүрген жұрт лақабы Қажымұқанды қажытпады. Қайта жігерлендіре түсті. Кейде оған: «Қажеке, Бульді осы сапар жаныштайтын шығарсыз»,— дей қалсақ, ол бізге томпақ көзін қадаңқырай қарап: «Оны күш біледі, одан қалса өздерің білесіндер-дағы»,— деп күлдіретін. «Біз нені білеміз?» — дейтінбіз сасқанымыздан. Онда ол әзіл-оспақсыз, байсалды калыппен: «Сендер мені қолдап, жебеп отырсаңдар ол күш емес пе, қуат емес пе маған. Мен тіп-

ті осы күндері жалғыз-жарым жүруге де қорқам, кім біледі, құрғыр, бақ деген бәле ғой..» — деп бізді одан бетер қорқытып қоятын. Институттың өз қызметкерлеріне үй жетпей жатқанда Қажымұқанның екі бірдей бөлмені ұстап отырғанын ауырлаған болса керек, институттың шаруашылық жұмысын басқаратын Дүрімбетов дейтін кісі бір жолы Қажымұқанға: «Сізді шақыратын мемлекеттік цирк, түсетін жеріңіз институт, бұл қалай, Қажеке?...» депті. Сонда Қажымұқан оның не оймен айғып тұрғанын түсіне қойып: «Сен үйім деп тұрсың ғой, мен қазақтың қара шаңырағы пірім деп келіп түсем»,— дегенде, сөзінің оқыс айтылғандығына өзінен-өзі ұялған, онысыз да қызыл сары Дүрімбетов одан бетер қызарып кетіпті десетін жұрт.

Міне, оның осындай алысты арысым, жақынды жамбылым деп жал тартатын бауырмалдығы, әсіресе жас тарға деген ыстық сезімі мен шынайы сенімі осындай сөздерінен айқын аңғарылып тұратын. Қажымұқан көп сөйлемеші еді. Оның қолдап, жебеп отырсаңдар.. деген сөзі әбден орынды. Институтқа бұл сапар Қажымұқан жұбайы мен екі жасар баласын ерте келсе де, оның жалғыз жүрмеуін ойластыру керек болды. Әйелі үйде, жанында, болғанымен циркте ол жалғыз. Сондықтан оның барлық әрекетіне басшылық етіп, қасында жүруді институттың бір мұғалімі Абат Әлібаев пен Сәлім Сейдузов үшеуімізге жүктеді. Біз енді Қажымұқанның қосшы баласына айналдық. Бұл бір жағынан бізге аса тиімсіз де болмады. Циркке онымен бірге барып, бірге қайтамыз. Қажымұқанның ложасы біздікі. Сөйтіп, балуандар тобы тегіс жиналып, күрес те басталды. Цирк алаңынан шыққан балуандар парадының кеуде жағынан саптама етігімен пілше басын келе жатқан Қажымұқан біздің көзімізге цирктің ғана емес, бүкіл халқымыздың көркіндей елес берді. Тұс-тұстан: «Қажымұқан!... Қажеке!... Қажыака» — деген дауыстармен бірге шоқ-шоқ гүлдер де ұсы-

нылып жатты. Қажымұқан оларға деген ыстық ілтипатын басын жоғары ұстап, маңырая қараған кескінімен білдіретін.

Бір күні Бульдің Қажымұқанмен күресетіндігі мәлім болды. Бұған дейін Қажымұқан да, Буль да біраз балуанды жығып үлгерген еді. Бұл енді күрес маусымының аяқталар кезеңі. Осыдан кейін балуандар тарайды. Үш күннен кейін екі балуан белдеседі. Бұрын әдіс алысып, күш сынаспаған екі батырдың алдағы айқасына күресқұмарлар ерекше бөлініп, нақ бір өздері күресетіннен бетер әзірленді. Шынында да, мұның өзі сол кездегі бір үлкен оқиға болғаны да рас. Онсыз да көп сөйлемейтін Қажымұқан мүлде түнеріп алды. Есепті іштей шығарып жүрген кісідей ойлы пішінде отырады.

Қажымұқанның Бульмен күресіне біз де дайындықсыз емес едік. Мұғалімдер мен студенттер жүз елу сом ақша жинады. Қажымұқан Бульді жығып, үмітіміз орындалатын болса, әрине, оған сеніміміз де зор, сый-сияпат көрсетпек болып төрт метр ағылшын шевиотын, Ленинградтың «Скороход» фабрикасының сол кездегі ең модельді, күрең хромнан тігілген қырық төртінші размерлі ботинкасын сатып алғанбыз. Кешке қарай соларымызды қолтықтап Қажымұқанмен бірге циркке біз де жеттік. Біздің арқалап жүрген дүниемізді Қажымұқанның іші сезсе де: «Бұларың не?» — деп сұрамады.

Цирктің іші адамға бұрынғыдан бетер лық толы. Иін тіресіп тұрған адам. Ат ойыны, акробат, тағы басқа көріністер аяқталып келеді. Қажымұқан өз каютасына кіріп, киімдерін шешіп күреске әзірленді. Біз оның үзіліс кезінде ауыз шаятын суына шейін дайындап бергенбіз. Үзіліс сайын біз оның қасындамыз.

Міне, енді күрес те басталды. Тағы да балуандар парады. Тағы да ұзақ дүркін қол шапалақтау, тағы да шоқ-шоқ гүлдер. Бір кезде цирк директорының даусы естілді:

— Орыс спортының әрі көркі, әрі мақтанышы, дүние жүзілік күресте чемпион атағын бірнеше рет алған Климентий Буль!..— Сатыр-сұтыр шапалақ.— Әлемге атағы жайылған, жығылу дегенді білмеген, қазақ даласының батыры — Мұнайтпасов Қажымұқан!..» — Соғылған қолдың көптігі сонша, цирк дүр сілкініп, қозғалып кеткендей сезілді бізге.

Енді балуандар ортада, кілем үстінде. Төрешінің ысықырып қалуы-ақ мұң екен, екеуі ұстаса кетті. Алғашқы қарқында Қажымұқанның қашыртқылай салған тегеурінді панжымына ілінген Буль бұлқына шығып, сытылып кетіп жүр. Кейде ол да Қажымұқанды қашыртқылай соғып, өз бойына оның темірдей қолын дарытар емес. Балуандар бір-бірімен алыстан күш сынасқандары болмаса, айла-әдістеріне әлі көшпеген сияқты. Кейде, тіпті ұмар-жұмар алыса түскендерімен де көп ұстасып, көп тіресіп тұра алмайды. Ақырын үзілген саржадай серпініп кетеді. Бірі-бірінің астына түссе де, көз ілестірмей атыла шығады. Менің көзіме баяғы Қажымұқан мініп келген өзбек фаэтонының рессоры елестейді. Бірақ Буль тегеуріні қатты рессор. Ол Қажымұқанның астында жатса да, оқтаудай денесі шиыршық атып, серпініп қалғанда Қажымұқанды ұшырып-ақ жібереді. Онсыз да шау қимылдайтын Қажымұқан Бульдің мынадай шапшаң қимылына төтеп бере алатын сияқты емес. Бұл жағдай Қажымұқан жапкүйерлерін ойға қалдырды, күрсініске ендірді. Жұрт ықыласы Бульге қарай ауды. Жұрт аузындағы бір ғана сөз Бульдің сұлу мүсіні, шапшаң қимылы, тегеурінді күші.

Бүгінгі күрес жеңіссіз аяқталды.

Күресте жығылып, жықпаса да Қажымұқан цирктен көңілді қайтты. Өзінің мөлшері, мүдделі шамасынан шыққандай-ақ жарқындана, ашыла сөйлеп келеді.

— Балалар, кеше мен бір ұрлық істедім,-- деді.

Біз оған:

— Шын айтасыз ба? — деп таңданып қалдық.

— Шын айтам. Егер ауыздарыңнан шығармайтын болсаңдар, соны айтқым кеп келеді.

— Айтыңыз, айтсақ тіліміз тас болсын,— деуге де әзірміз, оның не ұрлық істегенін білгенше асығып.

— Ендеше, мен кеше сендерден ұрланып Зеңгі атаға барып түнеп қайтқам...— «Зеңгі ата» Ташкенттен жиырма-отыз километр жер шамасы... «Я, ол сізге не берді?» — дейміз біз онысын жақтырмай. «Көріп келесіңдер ғой не бергенін. Бульдi жыға алмай қалдым. Сол бергені. «Бәлен жерде әулие бар, барсаң шайтан шығады». Осыны айтқан қазақтың ақылынап айналайын»,— деп өзінен-өзі кеңкілдей күлді. «Әзірет Әлі бермегенді ол сізге қайдан берсін, онан-дағы өзімізге...» — дегенімізше болмай, біздің ойымыздың аяғын өзі жалғастырады. «Я, енді өздеріңе, бір ғана өздеріңе, сыйынам...» — деп күледі. Оның бұлай көңілденуін біз Бульдi жығатындығына жоримыз. Бульмен күш сынасып, көңілі бір шамадан соққандығы байқалады.

Екі күннен кейін күрес қайта басталды. Тағы да сол халық, осы дырду, жұрт.

Күрестің екінші күні. Қажымұқан Бульдiң астында, шөккен бурадай етпетінен түсіп деңкиіп жатыр. Буль оны қалай жұлқыса да аударып түсіре алар емес. Терлеген дене шам сәулесіне шағылып, судан шыққан киттің жотасындай жалтырайды. Осылай жату Қажымұқанға жайлы болғанымен, жанкүйерлерінің жанын жай таптырар емес. Олар Қажымұқанның тұрып әрекеттенуін қалап айқай салады. Буль Қажымұқанның оң қолын қайырмақшы болып, оның қолтығының астына қолын тыға бергенде, Қажымұқан қақпанның серіппесінен бетер шап беріп Бульдiң қолын астына қарай соза тартып қысыңқырап алды да, сыртына қарай аударыла түсіп, Бульдi басты да қалды. Бульдiң бұрынғыша атылып шығуына мұршасы келмеді. Үстіне жар құлағандай жаншылып

жатыр. Арбитр де, комиссия мүшелері де олардың тұстынан жабыла қарап, Бульдің жауырыны жерге тиіп жатқандығын анықтады. Арбитр Қажымұқанның түрегелуіне көмектесіп, оның оң қолынан ұстап жоғары көтерді. «Жықты! Жықты!» — деп жұрт шу-шу етті.

Қол шапалақтаудың көкесі енді болды. Осы кезде Сәлім жүгіріп барып, төрт метр қос енді шевиотты жазып жіберіп Қажымұқанның үстіне жауып, бауы байлаулы күрең ботинканы нығына қоржынша аса салды. Сол-ақ екен, ана тұстан да, мына тұстан да шапан, ала тақияларын алып шыққан өзбектер де көрінді. Қажымұқанның нығына үш-төрт шапан жабылып, басына алты-жеті тақия кигізілді.

Бірақ Буль мүлт кеткендігін айтып, бес жүз сом ақша тігіп Қажымұқанды қарым қайтаруға қайта шақырды. Қажымұқан оның бұл ұсынысын қабыл алды.

Үш күннен кейін Қажымұқан мен Буль қайта ұстасы. Буль бұрынғыдай емес, жаралы арыстандай ашулы да ызалы. Қай жерінен соқса да оңдырмай соғып, салғаннан-ақ Қажымұқанның апшысын қуыра тиісті. Онысы Қажымұқан жанкүйерлерінің қытығына тиіп, айқай-шу оқтын-оқтын көтерілді де, Бульдің күрес салтына жатпайтын теріс әрекеттеріне тойтарыс беруді талап еткен наразылық дауыстар жиі-жиі естілді. Жотасы бүлкілдеп, жолбарысша атылғанда пілдей Қажымұқанды лақтырып-ақ тастайды. Я, шынында да, Бульдің осы бір жұрт қызығарлық сұлу денесіне құдірет күшті өлшемей, пішпей құя салған сияқты. Оны жығылтуға да көзің қимайтындай.

Қажымұқанның қақпан әдісіне абайсызда түсіп қалған Буль енді қайтып оның оң жағына жуыр емес. Бірақ Қажымұқанның әдісі бір ғана сол ма екен! Қажымұқанның онша бой салмай, шау қимылдап жүргенінде де бір сұмдық бар. Талай тәсілді басынан кешірген, алыстан тартар нарқасқадай маңқиюында қаншама сыр барын